

Коммуналдық меншікке келіп тұсken қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 наурыздағы № 37 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 сәуірде № 3563 болып тіркелді.

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтініндегі түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 31 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" заңының 18 бабының 22) тармақшасына және 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Коммуналдық меншікке келіп тұсken қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Бейнеу ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 55 "Коммуналдық меншікке келіп тұsken қараусыз қалған жануарларды келіп тұsu жәne пайдалану қағидасын бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-3-135 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 маусымда "Рауан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейнеу аудандық ауыл шаруашылығы жәne ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Қабиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жәne бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Машырықовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді жәne ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Б.Әбілов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Бейнеу аудандық ауыл шаруашылығы
жәne ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы С.Қабиев

12 наурыз 2017ж

"Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б.Әзірханов
15 наурыз 2017ж

Бейнеу ауданының әкімдігінің
2018 жылғы 12 наурыздағы
№ 37 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидалары (әрі қарай-қағидалар) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану тәртібін айқындауды.

2. Тұлға өзінің бағуындағы қараусыз қалған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке тұседі және осы қағидалармен айқындалған тәртіпте пайдаланылады.

2. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп тұсуі

3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп тұсуі қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-беру актісі қараусыз қалған жануарларды берген тұлғаның, тиісті ауыл, ауылдық округ әкімінің (бұдан әрі-әкім), "Бейнеу аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және "Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі –экономика және қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Қабылдау-беру актісі экономика және қаржы бөлімінің басшысымен немесе оны алмастыратын лауазымды тұлғамен бекітіледі.

Қабылдау-беру актісінде міндетті түрде қараусыз қалған жануарлардың жасы, тұқымы, тұсі, жынысы, жай-күйі және саулығы көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 26.01.2021 № 16 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қараусыз қалған жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

4. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды аудандық коммуналдық мұліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte экономика және қаржы бөлімі жүзеге асырады.

5. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін қараусыз қалған жануарлар аудан әкімдігінің қаулысы негізінде тиісті әкімдердің аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген тәртіpte қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

4. Қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану

6. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

- 1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік занды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру;
- 2) аукцион арқылы сату;
- 3) сауда ұйымдары арқылы сату;
- 4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға өтеусіз беру.

7. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану тәсілі әрбір нақты жағдайда аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссиямен (бұдан әрі–комиссия) шешіледі. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

5. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару

8. Қараусыз қалған жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару туралы өтініш түскенге дейін сатылған немесе басқа меншік иесіне өтеусіз берілген жағдайда, оларды сатудан түскен түсім немесе олардың құны бұрынғы меншік иесіне жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл кезде қараусыз қалған жануарларды бағумен байланысты шығынның көлемі шегеріледі.

9. Қараусыз қалған жануарларды қайтару немесе олардың құнын өтеу бұрынғы меншік иесімен және экономика және қаржы бөлімімен арада жасалатын шартпен рәсімделеді.

6. Қорытынды ережелер

10. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте толығымен жергілікті бюджет кірісіне есептеледі.

11. Қараусыз қалған жануарларды есепке алу, бағалау, сату және өтеусіз беру бойынша шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК